

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар "Кең дала" акционерлік қоғамының мемлекеттік емес сыртқы заемдары бойынша мерзімі өткен төлемдерін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 қаңтар N 7

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 23 қыркүйекте берілген N 001 және N 002 мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде "Кең дала" акционерлік қоғамы үшін "Өтеу шегерілген несие" бөлімі бойынша 1998 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде төлем жасау күніндегі бағамдық айырманың өзгерісін ескере отырып, 5,024 мың (бес миллион жиырма төрт мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі мерзімі өткен төлемді төлесін;

заемшының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалануы жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалануды бұзу фактілері анықталған жағдайда, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында, материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, 1998 жылдың 15 қаңтарына дейін мерзімде "Кең дала" акционерлік қоғамымен 1998 жылғы 30 қаңтарға дейін мерзімде қаражатты қайтару мерзімін көздей отырып, республикалық бюджеттен алынған ақшалай қаражатты қайтару жөніндегі 1997 жылғы 27 маусымдағы 23-20 /НШ-в несие шартына қосымша несие келісімін ресімдесін;

алынған қаражатты республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК